

"Мемлекеттік қаржылық бақылау органдары қызметкерлерінің біліктілігін арттыру ережесін бекіту туралы" Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 2011 жылғы 31 тамыздағы № 4-НП нормативтік қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасың 2013 жылғы 10 сәуірдегі № 2-НП нормативтік қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылы 02 мамырда № 8452 тіркелді. Күші жойылды - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 2016 жылғы 25 қаңтардағы № 1-НҚ нормативтік қаулысымен

Ескерту. Қаулының күші жойылды - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының 25.01.2016 № 2-НҚ нормативтік қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 5 тамыздағы № 917 Жарлығымен бекітілген Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті туралы ереженің 15-тармағының 4) тармақшасына сәйкес Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. «Мемлекеттік қаржылық бақылау органдары қызметкерлерінің біліктілігін арттыру ережесін бекіту туралы» Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 2011 жылғы 31 тамыздағы № 4-НП нормативтік қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7189 тіркелді, «Егемен Қазақстан» газетінде 2011 жылғы 8 қазанда № 486-487 (26879) жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 5 тамыздағы № 917 Жарлығымен бекітілген Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті туралы ереженің 15-тармағының 4) тармақшасына сәйкес Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І : » ;

аталған нормативтік қаулымен бекітілген Мемлекеттік қаржылық бақылау органдары қызметкерлерінің біліктілігін арттыру ережесі осы нормативтік қаулыға қосымшаға сай жаңа редакцияда жазылсын.

2. Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп

комитетінің аппарат басшысы (В.В. Супрун) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде осы нормативтік қаулының мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз е т с і н .

3. Осы нормативтік қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

<i>Төраға</i>		<i>А.Мусин</i>		
Республикалық		бюджеттің		атқарылуын
бақылау	жөніндегі	есеп		комитетінің
2013	жылғы	10	сәуірдегі	
№	2-НП	нормативтік	қаулысына	
қосымша				
Республикалық		бюджеттің		атқарылуын
бақылау	жөніндегі	есеп		комитетінің
2011	жылғы	31	тамыздағы	
№	4-НП	нормативтік	қаулысымен	
бекітілген				

Мемлекеттік қаржылық бақылау органдары қызметкерлерінің біліктілігін арттыру ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Осы Мемлекеттік қаржылық бақылау қызметкерлерін қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру ережесі (бұдан әрі - Ереже) Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 5 тамыздағы № 917 Жарлығымен бекітілген Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті туралы ереженің 15-тармағының 4) тармақшасына сәйкес әзірленді және мемлекеттік қаржылық бақылау органдары қызметкерлерінің (бұдан әрі – қызметкерлер) Қазақстан Республикасында және шетелдік мамандарды тарта отырып шетелде біліктілігін арттырудың тәртібін, біліктілікті арттырудың мазмұны мен мерзімін айқындайды.

2. Қызметкерлердің біліктілігін арттыру бақылауды тиімді жүзеге асыру үшін қызметкерлердің тиісті кәсіби деңгейін қолдау, сондай-ақ өздерінің білімдері мен дағдыларын арттыруға қажеттіліктерін қанағаттандыру бөлігінде «Мемлекеттік қаржылық бақылау стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 7 сәуірдегі № 788 Жарлығымен бекітілген «Құзыреттілік» мемлекеттік қаржылық бақылау стандартын сақтау мақсатында жүзеге асырылады.

3. Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті (

бұдан әрі – Есеп комитеті) қызметкерлердің біліктілігін арттыруды ұйым (бұдан әрі – оқытушы ұйым) арқылы ұйымдастырады, оны таңдау «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 21 шілдедегі Заңында көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

4. Қызметкерлердің біліктілігін арттырудың негізгі принциптері:

1) ж ү й е л і л і к ;

2) ғ ы л ы м и л ы л ы қ ;

3) біліктілікті арттыруды өз бетінше білім алумен ұштастыру;

4) оқытудың үздіксіздігі, сабақтастығы және дәйектілігі болып табылады.

5. Біліктілікті арттыру қызметкерлердің бұрын алған кәсіби білімдері мен дағдыларын ұштауды қамтамасыз етеді және қатаң есептілік бланкісі болып табылатын біліктілікті арттыру туралы тиісті құжатпен расталады.

Біліктілікті арттыру курстарының аяқталу қорытындысы бойынша Есеп комитеті қызметкерлерге осы Ереженің 16-тармағында көзделген жағдайда осы Ережеге 1-қосымшаға сай нысан бойынша біліктілікті арттыру туралы құжат (сертификат) береді.

2. Қызметкерлердің біліктілігін арттыру тәртібі, оқу бағдарламаларының мазмұны мен мерзімі

6. Мемлекеттік қаржылық бақылаумен байланысты қызметке алғаш келген және бақылау іс-шараларын жүргізуде тәжірибесі жоқ қызметкерлердің біліктілігін арттыру жұмысқа қабылданған күннен бастап екі айдың ішінде төрт аптадан бастап алты аптаға дейінгі мерзімде жүзеге асырылады.

7. Қызметкерлердің біліктілігін арттыру үш жылда кемінде бір рет жүзеге асырылады .

8. Мемлекеттік қаржылық бақылау органдары өз бетінше кәсіби дамытудағы қажеттіліктің есебін жүргізеді және оны айқындайды, адам ресурстарын басқару және персоналды дамыту бойынша жоспарлар әзірлейді, оқудан өткендердің деректер базасын қалыптастырады, олардың қызметіне және алған білімдерінің іс жүзінде қолдануына мониторинг жүргізеді.

9. Есеп комитеті қызметкерлердің біліктілігін арттыру курстарын өткізудің қажеттілігі мен мерзімділігін кейіннен айқындау үшін деректердің есебін қалыптастырады .

10. Біліктілікті арттыру бағдарламалары мемлекеттік қаржылық бақылау (аудит) жүргізуді ұйымдастырудың бейімделген әлемдік және отандық тәжірибесін қамтиды. Біліктілікті арттырудың жыл сайынғы бағдарламаларын бекіту мемлекеттік қаржылық бақылау органдарының тиісті өтінімдері негізінде жүргізіледі .

Оқытушы ұйым біліктілікті арттырудың оқу бағдарламаларын (бұдан әрі - бағдарламалар) Есеп комитетімен келіседі.

Бағдарламалар бақылау іс-шараларын жоспарлауда, жүргізуде жаңа тәсілдерді, әдістерді, технологияларды енгізе отырып, қызметкерлердің білімдеріндегі олқылықтарды жоюға, сондай-ақ оларды одан әрі арттыруға бағытталған оқytуды қамтиды.

Біліктілікті арттыру бағдарламалары шеңберінде ғылыми-ақпараттық алмасу бойынша іс-шаралар, мастер-класстар, тренингтер, практикалық сабақтар (жұмыс орнында тағылымдамадан өту) жүргізілуі мүмкін.

11. Оқытушылардың кандидатуралары сапалық құрамды анықтау мақсатында, мемлекеттік қаржылық бақылауды жүргізудің рәсімдері бойынша практикалық сабақтарды қолдана отырып оқытуды жүргізу үшін Есеп комитетімен келісіледі.

Қызметкерлер алған теориялық білімдерін көрнекі түрде іс жүзінде іске асыру мақсатында Есеп комитетімен келісе отырып сыртқы мемлекеттік қаржылық бақылаудың жоғары органында тағылымдамадан өтеді.

12. Қызметкерлердің атқарып отырған қызметіне және негізгі білімдерінің деңгейіне қарамастан, олардың арасынан оқудың мақсаты мен мазмұнына қарай оқу топтарын жасақтау жүзеге асырылады.

13. Бағдарламаға енгізілген қызметкерлер тыңдаушылар болып табылады.

Тыңдаушылардың дербес құрамын қалыптастыру Есеп комитетіне тиісті бюджеттік бағдарлама бойынша бөлінген бюджет қаражаты шегіндегі мемлекеттік қаржылық бақылау органдарының қажеттіліктері негізінде жүзеге асырылады.

Есеп комитеті кейіннен оқу тақырыптарын қалыптастыру үшін мемлекеттік қаржылық бақылау қызметкерлерінің мемлекеттік қаржылық бақылау (аудит) саласындағы нормативтік құқықтық және құқықтық актілерді білудегі және қолданудағы осал тұстарын анықтау жолымен олардың дайындығы мен кәсіби білімдерінің деңгейі бойынша тыңдаушылардың құрамын айқындайды.

14. Біліктілікті арттыру жұмыстан қол үзбестен, қол үзіп, сондай-ақ ішінара қол үзіп жүргізіледі. Соңғы жағдайда, қызметкерлер мемлекеттік қаржылық бақылау органы басшысының келісімімен Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы заңнамасына сәйкес жұмысын толық емес жұмыс уақыты жағдайында атқарады және бір мезгілде оқудан өтеді. Өндірістен қол үзіп оқытуға мүмкіндік болмаған жағдайда, біліктілікті арттыру тараптардың келісуі бойынша қашықтықтан оқыту жолымен, соның ішінде жеке оқу бағдарламаларын әзірлеу арқылы жүргізіледі.

15. Тыңдаушылардың білім деңгейін анықтау үшін бағдарламаның мәні бойынша тестілеу және (немесе) әңгімелесу түрінде білім бақылауы өткізіледі.

16. Тестілеу сұрақтарының сексен және одан да көп пайызына дұрыс жауап

берген тыңдаушы тестілеуден өтті деп есептеледі.

17. Тестілеу нәтижесінде дұрыс жауаптары сексен пайыздан аз болған тыңдаушы тестілеуден өтпеген деп есептеледі және тапсырған күнінен кейін он жұмыс күні ішінде тестілеуден қайта өтуге оған бір реттен артық жол берілмейді.

Қайта қорытынды бақылаудан өтпей қалған тыңдаушылар туралы мәліметтерді оқытушы ұйым тыңдаушы тестілеуді тапсырған күннен кейін он жұмыс күні ішінде Есеп комитеті арқылы мемлекеттік қаржылық бақылау органының басшысына жібереді.

18. Бағдарламаларды іске асыру оқытушы ұйымның оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылады, оларды Есеп комитеті және оқытушы ұйым бекітеді.

19. Оқу бағдарламаларында тыңдаушының курс бағдарламасында көрсетілген тапсырмалар шеңберінде аудиторлық жұмысқа және өз бетімен білім алуына оқу а қ ы т ы к ө з д е л е д і .

20. Бағдарламаның ұзақтығы Қазақстан Республикасында - үш күннен екі аптаға дейін, ал шетелде бір жылға дейінгі мерзімді құрайды.

3. Шетелдік мамандарды тарта отырып шетелде қызметкерлердің біліктілігін арттыру

21. Шетелде біліктілікті арттыру мемлекеттік қаржылық бақылау (аудит) саласында білім беру, ғылыми-зерттеу қызметін жүзеге асыратын шетелдік оқу ұйымдарында (бұдан әрі – шетелдік ұйымдар) өткізіледі.

Шетелдік жетекші мамандарды тарту қазақстандық тарап пен шетелдік мамандардың және (немесе) шетелдік оқу ұйымдарының арасында жасалатын шарттарға сәйкес жүзеге асырылады.

22. Шетелге оқуға жіберілетін тыңдаушылар бағдарлама аяқталғаннан кейін кемінде бір жыл мемлекеттік қаржылық бақылау органдары жүйесінде жұмыс і с т е й д і .

Егер тыңдаушы оқу бағдарламасынан дәлелсіз себеппен шығып қалса немесе бағдарлама аяқталғаннан кейін мемлекеттік қаржылық бақылау органдары жүйесінде бір жылдан аз жұмыс істеген болса, ол өзінің біліктілігін арттыруға жұмсалған қаражатты толық көлемінде қайтаруды қамтамасыз етуге міндетті.

23. Оқытушы ұйым және/немесе шетелге жіберуші ұйым осы Тарауда көзделген талаптарды міндетті түрде көрсете отырып тыңдаушылармен арада т и і с т і ш а р т р е с і м д е й д і .

24. Республикалық бюджет қаражаты есебінен шетелдік оқу ұйымдарында біліктілігін арттыруға мемлекеттік қаржылық бақылау органдарында кемінде екі жыл жұмыс тәжірибесі бар мемлекеттік қызметшілер ғана жіберіледі.

25. Шетелде біліктілікті арттыруға тыңдаушыларды іріктеуді Есеп комитеті

ашық конкурс негізінде жүзеге асырады.

26. Конкурсқа қатысу үшін Есеп комитетіне:

- 1) тыңдаушыға кандидаттың өтініші (еркін түрде);
- 2) мемлекеттік қаржылық бақылау органының бірінші басшысы немесе оны алмастырушы тұлға қол қойған ұсынымхат;
- 3) қызметтік тізім;
- 4) шетелдік ұйымдардың талаптары бойынша өзге де құжаттар (олар қажет болғанда) жіберіледі.

27. Кандидаттарды іріктеуді конкурстық комиссия жүзеге асырады, оның құрамын Есеп комитетінің Төрағасы бекітеді.

28. Мыналар:

- 1) шетелде оқу бағдарламасы бойынша қызметкердің мамандануы;
- 2) тілдік білімі (егер бағдарламада көзделсе);
- 3) шетелде біліктілікті арттыруды өткеру үшін бұрын жасалған шарт (ол болған жағдайда) талаптарын қызметкердің сақтауы конкурстық комиссияның өткізетін іріктеуіне ықпал ететін өлшемдер болып табылады.

29. Конкурстық комиссия тыңдаушылардың қорытынды тізіміне енгізу үшін қызметкерлердің кандидатураларын конкурсқа қатысуға құжаттарды қабылдау аяқталған күннен кейін бес жұмыс күні ішінде қарайды.

30. Конкурстық комиссия іріктеу нәтижелері бойынша кандидатураларды қарағаннан кейін бес жұмыс күні ішінде тыңдаушылардың қорытынды тізіміне енгізілген қызметкерлерді хабардар етеді. Конкурсан өткен тыңдаушылардың қорытынды тізімін Есеп комитетінің біліктілікті арттыруға жауапты құрылымдық бөлімшесі конкурстық комиссияның хаттамалық шешімі негізінде қалыптастырады.

31. Тыңдаушы шетелде біліктілікті арттыру курсы аяқтағаннан кейін бір айдың ішінде Есеп комитетіне және тиісті мемлекеттік қаржылық бақылау органының басшысына осы Ережеге 2-қосымшаға сай нысан бойынша шетелде біліктілікті арттыру курсы аяқтау қорытындысы жөнінде есеп ұсынады.

32. Мемлекеттік қаржылық бақылау органдарында шетелде біліктілікті арттырудан өткен қызметкерлерден алынған есептер мен материалдардың жинақтаушы құрылады.

Мемлекеттік қаржылық бақылау
органдары қызметкерлерінің
біліктілігін арттыру ережесіне

1-қосымша

нысан

Біліктілікті арттыру туралы құжат (сертификат)



Мемлекеттік
органдары
біліктілігін
2-қосымша
нысан

Республикалық
атқарылуын

қаржылық
қызметкерлерінің
арттыру

бюджеттің
бақылау

бақылау

ережесіне

жөніндегі

есеп комитетінің
аппарат басшысы

көшірмесі:

Мемлекеттік қаржылық
бақылау органының
басшысы

**Шетелде біліктілікті арттыру курсы аяқтау
қорытындысы жөніндегі
ЕСЕП**

Тегі, аты және әкесінің аты (болған жағдайда) _____

Лауазымы _____

Мемлекеттік қаржылық бақылау органының атауы _____

Құрылымдық бөлімшенің атауы _____

I. Кіріспе бөлік

1. Біліктілікті арттыру курсы туралы жалпы мәліметтер

Біліктілікті арттыру курсының нысаны:	(лекциялық сабақтар, тәжірибелік сабақтар семинар)
Іс-шараның атауы:	(тақырып)
Біліктілікті арттыру курсының өткізілетін орны:	(қала, ел)
Ұйымның атауы:	(соның базасында курстар өткізілді)
Біліктілікті арттыру курсының мақсаты:	(біліктілікті арттыруға берілген өтінімге сәйкес көрсетіледі)
Біліктілікті арттыру курсы өткізу мерзімі:	басталуы: _____ аяқталуы: _____ ұзақтығы: _____ күн
Қаржыландыру көзі:	

II. Негізгі бөлік

(Біліктілікті арттыру бағдарламасы мазмұнының қысқаша сипаттамасы
(курстардың форматы, оқыту әдістемесі, сабақтардың ұзақтығы,
лекторлардың, тыңдаушылардың құрамы және біліктілікті арттыру
бағдарламасын қамтитын басқа да ақпарат)

(Біліктілікті арттыру курстары нәтижесінде алған негізгі білімі мен дағдыларын сипаттау, олардың мемлекеттік қаржылық бақылау органының қызметінде қолданылуы)

(Қол жеткізілген уағдаластықтар, қабылданған келісімдер (егер олар болып жатса))

III. Қорытынды

(Алған білімі мен дағдыларын мемлекеттік қаржылық бақылау органының қызметінде оның мақсаты мен міндеттеріне сәйкес қолдану жөнінде сындарлы ұсыныстар (қысқаша, нақты, анық))

(Басқа да ұсыныстар (қысқаша, нақты, анық))

Мыналар қоса беріледі:

1. _____
2. _____
3. _____
4. _____
5. _____

(есепке іс-шаралар бағдарламасы, жиналған материалдардың тізбесі, біліктілікті арттырудың нәтижелері туралы және іс-шараға қатысуды растайтын құжаттар (сертификаттың/дипломның/куәліктің көшірмесі, сондай-ақ (өзінің қалауына қарай) алған білімі мен дағдыларының мазмұнын сипаттайтын, өткен оқу туралы құжаттар мен материалдар көрсетіліп қоса беріледі).

Есепті ұсынған

(тегі, аты және әкесінің аты)

(лауазымы)

(қолы)

20 ____ ж. « ____ » _____

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК